


«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі

Отын-энергетикалық кешен мәселелері  
жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы

  
Ж.Ф. Хайрушев  
2025 жылғы «25» сүйр

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің  
Отын-энергетика кешені жөніндегі қоғамдық кеңесі туралы  
**ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Отын-энергетика кешені жөніндегі қоғамдық кеңесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы Заңы (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Отын-энергетика кешені жөніндегі қоғамдық кеңесі (бұдан әрі – Министрліктің Қоғамдық кеңесі) – Министрлік және коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың арасындағы өзара іс-қымылды және ынтымақтасты жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін құрылған консультативтік-кеңесші орган.

3. Министрлік Қоғамдық кеңесінің құрамына Министрліктің, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері және Қазақстан Республикасының азаматтары кіреді. Қоғамдық кеңестегі азаматтық қоғам өкілдерінің саны оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісін құрауы тиіс.

4. Министрлік Қоғамдық кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, оған сәйкес заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

**2. Министрліктің Қоғамдық кеңесінің мақсаты мен міндеттері**

5. Министрліктің Қоғамдық кеңесі қызметінің мақсаты азаматтық қоғамның мұнай-газ, мұнай-газ-химия өнеркәсібі, көмірсутек шикізатын тасымалдау, мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу, газ және газбен жабдықтау, магистральдық құбыр, электр энергетикасы, қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын ұтымды пайдалануды бақылау және қадағалау, жаңартылатын энергия көздерін дамыту салаларындағы қоғамдық маңызды мәселелері бойынша пікірін білдіру болып табылады.

6. Министрліктің Қоғамдық кеңесінің міндеттері:

- 1) азаматтық қоғамның мұдделерін білдіру және шешімдерді талқылау және қабылдау кезінде жүртшылықтың пікірін ескеру;
- 2) азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды дамыту;
- 3) қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және Министрлік қызметінін ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

### **3. Министрліктің Қоғамдық кеңесі қызметінің принциптері**

7. Министрліктің Қоғамдық кеңесі өз қызметін мынадай принциптер негізінде жүзеге асырады:

- 1) қоғамдық негіздегі қызметі;
- 2) автономдық;
- 3) дербестік;
- 4) жариялышық;
- 5) олардың мүшелерін кезең-кезеңмен ротациялау.

### **4. Министрліктің Қоғамдық кеңесінің өкілеттіктері**

8. Министрліктің Қоғамдық кеңесінің өкілеттігіне мыналар:

- 1) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын, Министрлік стратегиялық жоспарының, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың жобаларын талқылау;
- 2) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының, Министрлік стратегиялық жоспарының, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың орындалуын талқылау;
- 3) нысаналы индикаторларға қолжеткізу туралы есептерін талқылау;
- 4) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсेतін акша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы, қайырымдылықтан түсेतін ақшаның түсі және жұмсалуы туралы есептерін талқылау;
- 5) азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысу;
- 6) қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қоса алғанда, мемлекеттік басқаруды жетілдіру және мемлекеттік аппараттың ашық жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарau;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және оларды мемлекеттік органдарға енгізу;
- 8) қоғамдық бақылауды осы Заңда көзделген өзге де нысандарда жүзеге асыру;
- 9) Министрліктің Қоғамдық кеңесі туралы ереженің жобасын оның бірінші отырысында талқылау және бекіту үшін Министрлікке енгізу.

## **5. Министрліктің Қоғамдық кеңесінің және олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

9. Министрліктің Қоғамдық кеңесі мүшелерінің өз өкілеттіктерін іске асыру мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негізде және тәртіппен Министрлікке кіруге;

2) Келісу бойынша Министрліктің өзге де жұмыс органдарының жұмысына қатысуға;

3) осы Заңда белгіленген өз өкілеттіктерін жүзеге асыру мақсатында қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша Министрлікке жүргінуге құқығы бар.

10. Өз қызметінде Министрліктің Қоғамдық кеңесі және оның мүшелері:

1) Конституцияның, оған сәйкес келетін заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі актілерінің, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің нормаларын сақтауға;

2) өз қызметін жүртшылықпен өзара іс-қымыл жасай отырып жүзеге асыруға;

3) Қоғамдық кеңестің мүшесі Қоғамдық кеңестің жұмысына белсенді араласып, отырыстарына қатысу керек. Отрыстарда дәлелсіз себептермен қатарынан үш реттен артық болмаған жағдайда, Кеңес оны алғып тастау туралы шешім қабылдайды;

4) жылына кемінде екі рет халықты бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) интернет-ресурстар арқылы Министрліктің Қоғамдық кеңесінің қызметі туралы ақпараттандыру;

5) өз қызметі туралы жылдық есепті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға және (немесе) Министрліктің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

### **5-1. Министрліктің Қоғамдық кеңесі мүшелерінің әдептілік мінезд-құлық нормалары**

10-1. Министрліктің Қоғамдық кеңесі мүшелері өз қызметінде мына әдептілік нормаларды сақтай отырып, қоғамдық сенім мен Министрліктің Қоғамдық кеңесінің және оның мүшелерінің қызметіне құрметпен қарауға ықпал етуге тиіс:

1) Министрліктің Қоғамдық кеңесінде іскерлік және достық қарым-қатынастар мен сындарлы әріптестікті орнатуға және ныгайтуға ықпал ету;

2) Министрліктің Қоғамдық кеңесі басқа мүшелерінің жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан бас тарту, негізсіз айыптау жағдайларына, дөрекілік, қадір-қасиетін қорлауға, әдепсіздік және дұрыс емес мінезд-құлық фактілеріне жол бермеу;

3) қаралатын мәселелер бойынша алқалы шешім қабылдау кезінде Министрліктің Қоғамдық кеңесі басқа мүшелерінің пікірлерін құрметтеу және ескеру, олардың пікірлері мен айтылған ұстанымдарына жеке өз атынан баға бермеу;

4) әдеп нормаларын және жеке мінезд-құлық қағидаларын сақтау, Министрліктің Қоғамдық кеңесі мүшелерінің қадір-қасиеті мен беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу;

5) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде Министрлік қызметіне, мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдардың қызметіне ықпал ету үшін Министрліктің Қоғамдық кеңесіндегі өзінің мүшелігін пайдалануға жол бермеу, оның ішінде мұдделер қақтығысын болдырмау және шешу бойынша шаралар қабылдау;

6) өз атынан Министрлік қызметі мәселелері бойынша Министрліктің Қоғамдық кеңесінің келісімінсіз өз пікірін жария түрде білдірмеу, сондай-ақ анық емес, дәлелделмеген, Министрлік атына кір келтіретін ақпаратты ұсынбау, оның ішінде Министрліктің қызметтік ақпаратын ашпау;

7) бұқаралық ақпарат құралдарында және ақпараттық ресурстарда, егер ол Министрліктің және Министрліктің Қоғамдық кеңесінің негізгі бағыттары мен қызметіне сәйкес келмесе, Министрлік және Министрліктің Қоғамдық кеңесінің қызметі туралы өз пікірін білдіруге жол бермеу;

8) қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өз өкілеттіктері мен құқықтарын тиісті тәртіппен уақтылы орындау, бекітілген міндеттерді мұлтіксіз сақтау және өзінің заңсыз әрекеттері үшін жауапты болу;

9) азаматтармен өзара қарым-қатынаста, мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен, сондай-ақ Министрліктің Қоғамдық кеңесінің басқа мүшелерімен, оның ішінде Министрліктің қызметкерлерімен қарым-қатынаста дұрыс мінезд-құлық таныту, дөрекілік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік фактілеріне жол бермеу, өз әрекеттері мен мінезд-құлқымен олардың тарапынан сынға себеп болмау;

10) азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетін, сондай-ақ Заң шеңберінде қоғамдық бақылау объектісі болып табылатын заңды тұлғалардың іскерлік беделін құрметтеу;

11) Министрліктің Қоғамдық кеңесінің басқа мүшелері тарапынан әдептілік мінезд-құлық нормалары бұзушылықтарына жол бермеу немесе оларды болдырмау жөнінде өзге де шаралар қабылдау.

## 6. Министрлік Қоғамдық кеңесінің қызметін ұйымдастыру

11. Министрліктің Қоғамдық кеңесінің отырыстары жұмыс жоспарына сәйкес және қажеттілігіне қарай қосымша өткізіледі. Сондай-ақ Қоғамдық кеңес кеңестің көшпелі отырысын өткізе алады.

Қажет болған жағдайда Министрліктің Қоғамдық кеңесінің жұмыс жоспары әзірленеді және Министрліктің Қоғамдық кеңесі отырысында бекітіледі.

12. Министрліктің Қоғамдық кеңесі отырысы Министрліктің Қоғамдық кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп саналады. Министрліктің Қоғамдық кеңесі мүшелерінің бейнеконференцбайланыс арқылы қатысуына рұқсат етіледі.

13. Министрліктің Қоғамдық кеңесі төрағасы өз құзыretі шеңберінде:

- 1) Министрліктің Қоғамдық кеңесінің қызметін ұйымдастырады;
- 2) осы Ережеге және отырыстың бекітілген күн тәртібіне сәйкес отырыста төрағалық етеді;
- 3) Министрліктің Қоғамдық кеңесі мүшелерінен ұсыныстар келіп түсуіне қарай Министрліктің Қоғамдық кеңесі шешімімен белгіленген тәртіппен кезектілік бойынша оларға сөз береді;
- 4) келіп тусу тәртібіне қарай Министрліктің Қоғамдық кеңесі мүшелерінің ұсынысын дауыс беруге қояды;
- 5) дауыс беруді жүргізеді және оның нәтижелерін жариялады;
- 6) Министрліктің Қоғамдық кеңесі отырыстары хаттамаларының жүргізілуін бақылайды;
- 7) Министрліктің Қоғамдық кеңесі атынан құжаттарға қол қояды;
- 8) Министрліктің Қоғамдық кеңесі шешімдерін іске асыру бойынша қызметті үйлестіреді;
- 9) кеңесші дауыс құқығымен Министрліктің отырыстарына қатысады;
- 10) өзі болмаған уақытта Министрліктің Қоғамдық кеңесінің бір мүшесіне төрағаның міндетін атқару құқығын береді;
- 11) қажет болған жағдайда мемлекеттік органдардан Министрліктің Қоғамдық кеңесінің отырыстарында қаралатын мәселелерге қатысты қосымша материалдарды сұратады.

14. Ұйымдастырушылық мәселелерді шешу, Министрліктің Қоғамдық кеңесі отырыстарын дайындау және өткізу, Министрліктің Қоғамдық кеңесіндегі іс қағаздарды жүргізу, сондай-ақ Министрліктің Қоғамдық кеңесі шешімдерінің іске асырылу мерзімдерін бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Министрліктің Қоғамдық кеңесінің хатшысы өз құзыretі шегінде:

- 1) Министрліктің Қоғамдық кеңесі отырысын өткізу күніне дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, электрондық пошта арқылы оның мүшелеріне отырысты өткізу уақыты мен орны, қарauғa енгізілетін мәселелер тізбесі туралы хабардар етеді;
- 2) Министрліктің Қоғамдық кеңесі мүшелерін шешім қабылдау үшін қажетті материалдармен, құжаттармен және ақпаратпен қамтамасыз етеді;
- 3) Министрліктің Қоғамдық кеңесі отырыстарын өткізуді ұйымдастырады;
- 4) Министрліктің Қоғамдық кеңесі шешімдерінің жобаларын әзірлейді және Министрліктің Қоғамдық кеңесінің барлық мүшелеріне үш жұмыс күні ішінде интернет-ресурс немесе электрондық пошта арқылы не қолма-қол жеткізеді;
- 5) Министрліктің Қоғамдық кеңесінің қызметін қамтамасыз ету бойынша басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Хатшы болмаған кезде Министрліктің Қоғамдық кеңесі отырысының хаттамалық шешімімен оның функциялары Министрліктің Қоғамдық кеңесі мүшелерінің біреуіне жүктеледі.

15. Қоғамдық кеңестерді мемлекеттік органдардың өкілдерінен және конкурстық негізде – коммерциялық емес ұйымдардың өкілдерінен, азаматтардан тұратын жұмыс тобы қалыптастырады.

16. Қоғамдық кеңеске мемлекеттік органның атынан өкілдікті мемлекеттік органның басшысы конкурс өткізбей бекіtedі.

17. Министрліктің Қоғамдық кеңесінің мүшесі жазбаша нысанда өтініш беру арқылы өз қалауы бойынша оның құрамынан шыға алады.

18. Министрліктің Қоғамдық кеңесі мүшесінің денсаулық жағдайына байланысты не өзге де негіздер бойынша оның жұмысына қатысуы мүмкін болмаған жағдайда, Занда айқындалған тәртіппен Қоғамдық кеңестің шешімі бойынша мүшеліктен мерзімінен бұрын шығарылуы мүмкін.

19. Министрліктің Қоғамдық кеңесі конкурс нәтижелері немесе мемлекеттік органның шешімі бойынша Қоғамдық кеңестің құрамынан шыққан адамның қалған мерзіміне жаңа мүшені қосу туралы шешім қабылдайды.

20. Министрлік Қоғамдық кеңесінің қоғамдық бақылау саласындағы қызметін жүзеге асыру және өкілеттіктерін іске асыруы тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **7. Отырыстарды өткізу және шешім қабылдау тәртібі**

21. Министрліктің Қоғамдық кеңесі жұмысының негізгі нысаны отырыстар болып табылады.

22. Қажет болған жағдайда Министрліктің Қоғамдық кеңесінің шешімі бойынша Қоғамдық кеңестің отырысына қатысу үшін мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, ғылыми, кәсіподақтар мен басқа да ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ сарапшылар мен мамандар шақырылуы мүмкін.

23. Министрліктің Қоғамдық кеңесінің отырысында хаттама жүргізіледі, онда:

- 1) отырыстың өтетін орны мен уақыты;
- 2) қатысушылар саны;
- 3) сөз сөйлеген лауазымды адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);

4) күн тәртібі, есеп пен баяндаманың мазмұны белгіленеді.

24. Министрліктің Қоғамдық кеңесінің отырыстары ашық болып табылады.

25. Мәселелерді қарau нәтижелері бойынша Министрліктің Қоғамдық кеңесі қарau үшін міндетті болып табылатын ұсынымдарды қабылдайды.

26. Министрліктің Қоғамдық кеңесінің шешімдері Министрліктің Қоғамдық кеңесі отырысына қатысушылардың жалпы санының басым

дауысымен қабылданады. Шешімдер хаттамамен ресімделеді, оған Қоғамдық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

27. Министрліктің Қоғамдық кеңесінің отырысында қаралатын мәселелер бойынша шешім қабылданған кезде Қоғамдық кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

28. Министрліктің Қоғамдық кеңесінің қызметімен байланысты құжаттар Министрліктің Қоғамдық кеңесін құруға қатысқан мемлекеттік органда, оның өкілеттік ету мерзімінде электрондық және/немесе қағаз түрінде сакталады.

Сонымен бірге Министрліктің Қоғамдық кеңесінің өкілеттілік мерзімі аяқталғаннан кейін Министрліктің Қоғамдық кеңесінің қызметімен байланысты құжаттар мемлекеттік органның архивіне сактауға беріледі.

---